

Аягүл Даниярқызы Омарова^{1*}, Сүйер Екер², Нұрлан Құнпияұлы Шүленбаев³^{1*}автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-4948-6764 E-mail: awonai_jany@mail.ru²философия докторы (PhD), профессор, Башкент университеті, Түркия, Анкара қ., ORCID: 0000-0002-3109-7218 E-mail: ekers@baskent.edu.tr³докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulnbaev.n@mail.ru**ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ СТАНДАРТТАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ:
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКҚОР ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ІШКОРПУС**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі терминдердің көпмағыналылық, синонимділік мен жарыспалылық мәселелері талданып, оларды шешу жолдарының бірі терминологиялық дерекқорлар мен терминологиялық ішкорпустар әзірлеу екендігі дәйектеліп, мұндай ресурстардың терминологияны стандарттаудағы қызметі тілтанымдық және экстралингвистикалық тұрғыдан сипатталды. Зерттеу барысында шетелдік және отандық терминологиялық ресурстардың (UNTERM, IATE, Терминком, терминологиялық ішкорпус және т.б.) құрылымдары, техникалық, лингвистикалық және т.б. салыстырмалы түрде талданып, оларды жасауда ескерілетін талаптар, атқаратын міндеттері айқындалып, білім беру, ғылыми зерттеу және кәсіби салада қолданылу маңызы ашылып көрсетілді. Сонымен қатар терминологиялық дерекқорлар әртүрлі ерекшеліктері (құру мақсаты, адресат, тілге қатысы, пайдалану түрі) бойынша жіктелді. Зерттеу нәтижесінде терминдерді стандарттауға қатысты негізгі принциптер (ұғым мен мағынаны дәл беру, терминнің тілдің ерекшеліктеріне сәйкес келуі, жаңа терминдер жасау, терминді өзге тілдердегі баламалармен үйлестіру) айқындалып, қазақ терминологиясын стандарттау бағытында атқарылатын жұмыстар (терминологияны цифрлық кеңістікке енгізу, стандартталған терминдердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету, ғылыми және оқу үдерісін жетілдіру жолдары) белгіленді. Зерттеу барысында терминологиялық стандарттар әзірлеудің негізгі әдіс-тәсілдері, өлшемшарттары (критерийлері), принциптері мен модельдері және т.б. мәселелер қарастырылған ғылыми еңбектер, шетелдік және отандық терминологиялық дерекқорлар мен терминологиялық корпустар, салалық терминологиялық сөздіктер пайдаланылып, терминдердің көпмағыналылық мәселелерін қарастыруда жинақтау, сипаттау, салыстыру, талдау (анализ), модельдеу әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: терминология; стандарттау; терминологиялық дерекқор; терминологиялық ішкорпус; сөздік**Қаржыландыру:** Мақала BR24993133 «Қазақ тілін лингвостергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Омарова А.Д., Екер С., Шүленбаев Н.Қ. Терминологияны стандарттаудың цифрлық ресурстары: терминологиялық дерекқор және терминологиялық ішкорпус. *Tiltany*, 2025. №3 (99). 229-243-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-229-243>**Аягуль Данияровна Омарова^{1*}, Сүйер Екер², Нұрлан Құнпияевич Шүленбаев³**^{1*}автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-4948-6764 E-mail: awonai_jany@mail.ru²доктор философии (PhD), профессор, Башкентский университет, Турция, г. Анкара, ORCID: 0000-0002-3109-7218 E-mail: ekers@baskent.edu.tr³докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulnbaev.n@mail.ru**ЦИФРОВЫЕ РЕСУРСЫ СТАНДАРТИЗАЦИИ ТЕРМИНОЛОГИИ:
ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКАЯ БАЗА ДАННЫХ И ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДКОРПУС**

Аннотация. В статье проанализированы проблемы многозначности, синонимии и вариантности терминов в казахском языке, обосновано, что одним из путей их решения является разработка терминологических баз данных и терминологических подкорпусов, а также охарактеризована роль подобных ресурсов в стандартизации терминологии как с лингвистической, так и с экстралингвистической точки зрения. В ходе исследования проведён сравнительный анализ структуры, технических и лингвистических характеристик зарубежных и отечественных терминологических ресурсов (UNTERM, IATE, Терминком, терминологический корпус и др.), определены требования к их созданию, функции, а также значение для образования, научных исследований и профессиональной деятельности.

Терминологические базы данных были классифицированы по различным признакам (цель создания, целевая аудитория, языковая принадлежность, способ использования). В результате были предложены принципы стандартизации терминов (точность передачи понятия и значения, соответствие языковым особенностям, создание новых терминов, согласованность с эквивалентами на других языках), а также обозначены действия, направленные на стандартизацию казахской терминологии (перевод терминологии в цифровую среду, повышение доступности стандартизированных терминов и оптимизация научно-учебного процесса). В исследовании использованы научные работы, рассматривающие методы, критерии, принципы и модели разработки терминологических стандартов, а также отечественные и зарубежные терминологические базы данных, корпуса и отраслевые словари. При анализе многозначности терминов применялись методы обобщения, описания, сравнения, анализа и моделирования.

Ключевые слова: терминология; стандартизация; терминологическая база данных; терминологический подкорпус; словарь

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования BR24993133 «Исследование казахского языка в лингвосинергетическом, лингвозоологическом, лингводидактическом аспектах и его функция в разработке лингвистических основ учебного текста».

Для цитирования: Омарова А.Д., Екер С., Шуленбаев Н.К. Цифровые ресурсы стандартизации терминологии: терминологическая база данных и терминологический подкорпус. *Tiltany*, 2025. №3 (99). С. 229-243. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-229-243>

Ayagul Omarova^{1*}, Suer Eker², Nurlan Shulenbayev³

^{1*}Corresponding author, Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-4948-6764 E-mail: awonai_jany@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Bashkent University, Turkey, Ankara, ORCID: 0000-0002-3109-7218 E-mail: ekers@baskent.edu.tr

³Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-2203-9822 E-mail: shulenbaev.n@mail.ru

DIGITAL RESOURCES FOR TERMINOLOGY STANDARDIZATION: TERMINOLOGICAL DATABASE AND TERMINOLOGICAL SUBCORPUS

Abstract. This article analyzes the issues of polysemy, synonymy, and variation of terms in the Kazakh language, substantiating that one of the ways to address these issues is through the development of terminological databases and specialized terminological subcorpora. The role of such resources in the standardization of terminology is described from both linguistic and extralinguistic perspectives. The study includes a comparative analysis of the structure, technical, and linguistic characteristics of both foreign and domestic terminological resources (UNTERM, IATE, TermCom, terminological corpus, etc.), identifying the requirements for their development, their functions, and their significance in education, scientific research, and professional fields. Terminological databases were classified according to various features (purpose, target audience, language affiliation, usage type). As a result, principles for the standardization of terms were proposed (accuracy in conveying concepts and meanings, compliance with linguistic features, creation of new terms, compatibility with equivalents in other languages). Actions aimed at the standardization of Kazakh terminology were also outlined (transition of terminology into the digital space, increasing accessibility of standardized terms, and optimizing scientific and educational processes). The research utilizes academic works that examine methods, criteria, principles, and models for the development of terminological standards, as well as domestic and foreign terminological databases, corpora, and sectoral dictionaries. Methods such as generalization, description, comparison, analysis, and modeling were applied to study the issue of term polysemy.

Keywords: terminology; standardization; terminological database; terminological subcorpora; dictionary

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the BR24993133 “Studying the Kazakh language in linguosynergetic, linguoecological, linguodidactic aspects and its function in developing the linguistic foundations of educational text”.

For citation: Omarova, A., Eker, S., Shulenbayev, N. Digital Resources for Terminology Standardization: Terminological Database and Terminological Subcorpus. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 229-243. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-229-243>

Кіріспе

Қазақ терминологиясында кейбір терминдердің жарыспа нұсқалары мен синонимдерінің қолданылуы терминдерді біріздендіру жұмыстарында қиындық туғызып келеді. Академик Ш.Құрманбайұлының: «Біріздендіру жұмысы, ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс» (Құрманбайұлы, 2014: 183), – деп атап өтуі осы мәселенің өзектілігін дәлелдейді.

Қазіргі таңда терминология саласында екі қолданбалы (практикалық) бағытта – терминография және стандарттау бойынша зерттеулер басымдық алып отыр (Даниленко, 1986). Бұл терминологиядағы аталған проблемаларды шешуде терминологияны стандарттаудың маңызды екендігін көрсетеді.

Терминдердің көпмағыналылығы мен синонимдігі – терминология саласындағы ең күрделі мәселелердің бірі. Бұл терминдердің нақты және бірмағыналы қолданылуын қиындатып, ғылыми тұрғыдан түсіндіру, аударма жасау, оқу үдерісі және ресми құжаттарды дайындау барысында түсінбеушіліктерге алып келеді. Мұндай жағдайларда терминді нақты бір мағынада ғана бекітіп, бірыңғай қолдану қажет. Осы мақсатта мақалада терминологиялық дерекқорлар мен ішкорпустарды әзірлеу арқылы стандарттау жолдары ұсынылады. Мұндай цифрлық ресурстар терминдердің жүйелі, дәл әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ терминологиясын стандарттау – ғылым мен техниканың сан түрлі салаларында қолданылатын терминдердің бірізділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді және жүйелі үрдіс. Бұл үдерісті жүзеге асыруда түрлі үлгілер мен әдіс тәсілдер пайдаланылады. Аталған үлгілер терминдердің жасалу жолдарын, олардың халықаралық тәжірибемен сәйкестігін және мемлекеттік тілдің дамуын назарға ала отырып, бірнеше бағытта іске асырылады.

Терминдерді стандарттау ұлттық әрі мемлекеттік мәнге ие, ал оның басты нәтижесі терминдер мен олардың анықтамаларына арналған салалық мемлекеттік стандарттардың қабылдануы болып табылады. Бұл үдерістің терминологиялық қызметтің өзге түрлерінен басты ерекшелігі – міндетті түрде қолданылуға тиісті терминдерді бекітіп, оларды стандарттаушы ұйымның ресми түрде ұсынуы мен қолданысына кепілдік беруі.

Материал және әдістер

Терминологияны стандарттаудың халықаралық тәжірибесін талдау барысында терминологиялық стандарттарды әзірлеудің басты әдістері, өлшемдері, қағидаттары мен үлгілері сияқты мәселелерді қарастырған Ресей және Еуропа ғалымдарының ғылыми еңбектері негізге алынды. Сондай-ақ қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасу кезеңдерін және қазіргі даму деңгейін зерттеу әрі терминологиялық дерекқорға қажетті мәліметтерді жинақтау мақсатында түрлі ғылыми салаларға арналған салалық сөздіктер қолданылды.

Мақаланы жазу барысында зерттеу әдістерінің мынадай түрлері қолданылды:

Жинақтау әдісі. Әртүрлі ғылым салаларына арналған сөздіктер, терминологиялық стандарттар мен шетелдік терминологиялық дерекқорлар жиналып, талданды.

Сипаттау әдісі. Терминологиялық дерекқорлардың құрылымы, қызметі, типтері, сондай-ақ «Терминком», UNTERM, IATE сынды нақты платформалардағы жұмыс тәсілдері сипатталды.

Салыстыру әдісі. Шет елдердегі (Қытай, Франция, АҚШ, Германия т.б.) терминологияны стандарттау тәжірибесі мен Қазақстандағы терминологияны біріздендіру бағытындағы жұмыстар салыстырылды.

Талдау (анализ) әдісі. Терминдердің көпмағыналылығы, жарыспа нұсқалар мәселесі, және олардың қолданылу салалары бойынша нақты мысалдар талданды.

Модельдеу әдісі. Қазақ терминологиясын стандарттаудың кезеңдері мен принциптері ұсынылды.

Мақаланы әзірлеу барысында зерттеу материалы ретінде шет тілдері терминдерінің дерекқорлары қолданылды. Сондай-ақ түрлі ғылым салаларына арналған қазақ тіліндегі салалық терминологиялық сөздіктер, халықаралық терминологиялық дерекқорлар, «Терминком» терминологиялық дерекқоры, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминологиялық ішкорпусы пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Терминология теориясының негізі ғылым мен техниканың бірыңғай тілін қалыптастыру идеясымен тығыз байланысты. Бұл бағыттағы алғашқы жүйелі қадамдар ғылыми-техникалық терминдерді біріздендіру мен стандарттау мәселесін алғаш көтерген Э. Вюстердің есімімен байланыстырылады. Ол 1935 жылы жарық көрген «Техникадағы, әсіресе электртехникадағы тілді халықаралық стандарттау» (Вюстер, 1935) атты диссертациялық еңбегінде лингвистика, логика және ақпараттану ғылымдарының теориялық әрі қолданбалы жетістіктерін біріктіре отырып, қолданбалы лингвистиканың жаңа бағытының негізін қалады. Терминологияны стандарттау

мәселесін көтерген іргелі еңбектердің бірі ретінде В.П. Даниленконың редакциясымен шыққан «Терминология және норма» (Даниленко, 1972) кітабын атауға болады.

Ресейде терминологияны стандарттау жұмыстарының бастауы 1867 жылы Орыс техникалық қоғамының бастамасымен жарық көрген француз-неміс-ағылшын-орыс техникалық сөздігін әзірлеу шешімімен байланысты. XX ғасырдың бас кезінде бұл бағыттағы жұмыстарды Халықаралық электротехникалық комитет пен Пошта-телеграф басқармасының құрамындағы Орыс электротехникалық комитеті жалғастырды. Сол кезеңде 20-ға жуық салалық ғылыми-зерттеу институты ғылыми-техникалық терминологияны стандарттаумен айналысты (Казарина, 2008: 48-50).

1933 жылы КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі жанындағы Бүкілодақтық стандарттау комитеті жанынан құрылған ғылыми-техникалық терминология секторы терминдер мен шартты белгілерді стандарттауға арналған арнайы нұсқаулықты бекітті (Даниленко, 1972). Бұл нұсқаулықта терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету алдымен мектеп пәндерінен басталып, кейін жоғары оқу орындары мен салалық мамандандырылған пәндерге жалғасуы қажет екендігі атап көрсетілді. Жұмыстың негізгі жоспарына сәйкес, алдымен, қолданыстағы терминдер іріктеліп, жаңа терминдерді мамандар тобы дайындауы тиіс. Сонымен қатар стандарттауға дейін ұғымдарды жіктеу жүйесі құрылуы керек, әрі сол ұғымдардың басқа салалар мен тілдердегі қолданыс ерекшеліктері де ескерілуі қажет.

1964 жылы Стандарттар, өлшемдер және өлшеу құралдары комитетінің жүйесінде Бүкілодақтық техникалық ақпарат, жіктеу және кодтау ғылыми-зерттеу институты құрылды. Осылайша, терминологияны стандарттау мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастады, оған КСРО Министрлер Кеңесінің 1965 жылы шыққан «Елдегі стандарттау жұмысын жақсарту туралы» қаулысы дәлел бола алады (Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам, 1962-1965).

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Ресейде терминологияны стандарттау бойынша жұмыс нәтижесінде терминдер мен анықтамаларға 630-дан астам мемлекеттік стандарттар және 280-ге жуық салалық стандарттар қолданылды (Авербух, 1985: 8-19).

Қазақ тіл білімінде терминдерді стандарттау мәселелерін С.Исакова «Қазақ термин-танымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі» диссертациясында көтерген еді. Ғалым терминдерді стандарттаудың мынадай белгілерін көрсетеді:

- 1) термин белгілі бір затты не құбылысты дәл әрі дұрыс атауы тиіс;
- 2) термин тілдік тұрғыдан дұрыс болуы керек, оған мыналар жатады: а) мағына түсініктілігі; ә) бір салаға қатыстылығы; б) нақтылық; в) бірмағыналы болуы; г) жүйелілігі; е) сөздік ұя құру қабілеті;
- 3) терминнің дара болуына терминдердің көпмағыналылығы мен омонимдердің көп болуы кедергі келтіреді;
- 4) термин өзі атау беретін нысан немесе құбылыс жүйесіне сай келуі қажет (Исакова, 2018: 76).

Сонымен қатар С.Исакова терминологияны стандарттауға арналған мынадай лингвистикалық өлшемдер (критерий) ұсынады:

- 1) стандартталған терминдердің сөз табы;
- 2) төл немесе кірме сөздерден, көнерген сөздерден, кәсіби лексикадан жасалған терминдерге қатысты көзқарас;
- 3) терминнің синонимия, көпмағыналылық, омонимия құбылыстарына қатысты көзқарас;
- 4) термин жасаудың тілдегі терминжасам үлгілеріне сәйкес келуі;
- 5) сөзжасам жүйесінің негізгі даму үдерісіндегі сөзжасамдық варианттарға деген көзқарас: сөзжасамдық үлгілерді тиімді пайдалану, сөзжасамдық үлгілер мен журналдардың мағыналарының арнайылануы, ұялы тәсілдер бойынша ұғымы мен құрылысы сәйкес терминдер жасау;
- 6) тіркесті терминдер және олардың анықтамаларына қойылатын стилистикалық талаптарды ескеру;
- 7) терминдердің сауатты жазылуы (Исакова, 2018: 77).

Мақалада терминологияны стандарттау мәселесін теориялық тұрғыдан ғана емес,

практикалық және цифрлық құралдар арқылы шешу қарастырылды. Сондай-ақ терминологиядағы көпмағыналылық пен жарыспалылықты шешудің бірден-бір жолы ретінде стандарттау жолдары ұсынылды. Сәйкесінше, негізгі мақсат терминологияны стандарттау нәтижесінде құрылатын терминологиялық дерекқор мен ішкорпустар арқылы ғылым, білім және кәсіби салаларда қолжетімді терминологиялық орта құру болып отыр.

Нәтижелер және талқылау

Терминдерді стандарттау жұмыстарының тілді, ғылымды цифрлық кеңістікке көшіру үшін таптырмас құрал бола алатыны жайында Еуропа және Ресей ғалымдары өткен ғасырда-ақ айтқан болатын. Мәселен, 1999 жылы С.И. Виноградов «Терминдер мен олардың анықтамаларының құрылымын ретке келтіру, біріздендіру және стандарттау болашақта цифрлық кеңістікте типтік құжаттарды өңдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде ғылыми-техникалық үдерісті жеделдету жолында экономиканы қарқындатудың қазіргі жағдайында бірінші кезектегі маңызды жұмыс болып табылады» (Виноградов, 2005) деп атап көрсетеді.

Шет елдердің көбінде қорғаныс саласындағы терминдерді стандарттау және жүйелі басқаруды жүргізу үшін комитеттер мен жекелеген органдар жұмыс істейді. Америка Құрама Штаттарында стандарттау және стандартты терминдер Қорғаныс Министрлігінің техникалық ақпарат орталығы (DTIC) арқылы таратылады, ал Германияда Қорғаныс министрлігінің тікелей мекемесі болып табылатын қорғаныс тілі институты және терминдерді стандарттау үшін әр салада 10 қорғаныс терминологиясы комитеті бар.

Қытай Халық Республикасында Қытай стандарттау комитеті (CSTBS) терминдерді стандарттау және үйлестіру принциптеріне қатысты ұлттық стандарттарды белгіледі, ал әр министрліктің стандарттау департаменттері мен техникалық комитеттері терминдерді құру және реттеу жұмыстарымен айналысады. Франция барлық ресми құжаттарда стандартты терминдерді қолданады, оның ішінде ұлттық заңдар, ережелер мен бұйрықтар да терминологиялық комиссия шешіміне бағытталған (Jung-Hwoan Choi, 2011).

Ғылыми-техникалық терминологияны мемлекеттік стандарттаудың орны мен рөлі туралы айта келе, ғалымдар «терминологияны ретке келтіру және стандарттау адамның ғылым мен техниканың белгілі бір саласындағы белгілі бір заңдылықтар мен байланыстарды білуінің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге осы қызмет салаларының дамуына ықпал етеді» деген қорытындыға келеді (Проблемы исследований и разработок в области стандартизации, 1988: 3).

Осы ретте терминологиялық стандарттауға түсініктеме беріп, оның қалай жүзеге асатынына тоқталайық. Терминологиялық стандарт – құқықтық құжат, оның негізі міндеті терминдердің қолданылуын заңнамалық тұрғыдан бекіту. Ал заңнамалық тұрғыдан бекітілген терминдерді пайдалану міндетті болып табылады, демек, терминнің бірнеше жарыспа баламасы болмайды, тек заңнамада бекітілген нұсқасы ғана болады деген сөз. Бұл, әрине, терминдерді бір дерекқорға жинақтап, сол арқылы кез келген салада тек бір бекітілген нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді. Терминдерді стандарттау терминологиядағы кемшіліктерді жоюға ықпал етіп, офлайн және онлайн форматтарда оның қолжетімділігін арттырады (Jung-Hwoan Choi, 2011). Біз мұндағы «кемшіліктер» дегенді терминдердің жарыспа нұсқалары мен синонимдерінің көптігі, көпмағыналылығы, ал «онлайн және офлайн формат» дегенді стандартталған терминдердің терминологиялық дерекқорының қолжетімділігі деп түсінеміз.

Ал КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы стандарттар, шаралар және өлшеу аспаптары комитетінің төрағасы профессор В.В. Бойцов: «Егер бірыңғай терминдер болмаса, олардың өзара түсіністігі қамтамасыз етілмесе, мамандардың еңбегін ғылыми ұйымдастыру мүмкін болмайды. Терминологияны стандарттау ақпараттық процестерді автоматтандырудың қажетті шарты болып табылады. Ұлттық экономиканы отандық және шетелдік ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері туралы ақпаратпен табысты қамтамасыз ету терминологияны стандарттаудың болуына байланысты» (Бойцов, 1967: 3), – деп, терминдерді стандарттаудың қаншалықты маңызды екенін атап көрсетеді. Қазақ тіліндегі терминдердің стандартталуы – терминологияны біріздендіру, оның мағынасын дәл және айқын етіп беру, сонымен қатар тілдің дамуымен байланысты жаңа сөздер мен ұғымдарды жүйелендіру процесі.

Қазақ тіліндегі терминологияны стандарттау, әсіресе ғылым, техника, медицина, құқық және басқа салаларда аса өзекті саналады. Э.Вюстер «Барлық тиісті ұғымдарды алдын ала жүйелеп

алмай, терминдерді дұрыс стандарттау мүмкін емес» (Вюстер, 1935) деп айтқандай, стандарттаудың маңыздылығын дәлелдеу үшін, алдымен, терминологиядағы кейбір мәселелерге тоқталып кету керек. Мәселен, қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі бірнеше ұғымды атауда қолданылып жүргеніне, яғни көпмағыналылығына мынадай мысалдар келтіруге болады (Кесте 1, 2, 3).

Кесте 1 – «Анықтау» терминінің көпмағыналылығы

Таблица 1 – Многозначность термина «Анықтау»

Table 1 – Polysemy of the Term «Анықтау»

Қазақша	Орысша	Бекітілген жылы/саласы
анықтау	дознание	2016
анықтау	констатация	2015
анықтау	выявление	2010
анықтау	определение	2010
ұйғарым, анықтама, анықтау	определение	заңтану
топтық тиесілілікті анықтау	установление групповой принадлежности	заңтану

Кесте 2 – «Енгізу» терминінің көпмағыналылығы

Таблица 2 – Многозначность термина «Енгізу»

Table 2 – Polysemy of the Term «Енгізу»

Қазақша	Орысша	Бекітілген жылы/саласы
қосу, енгізу	включить	2020
ендіру, енгізу	внедрение	2016
енгізу	ввод	2016
енгізу	вложение	математика
енгізу	внесение	статистика, стандарттау және зияткерлік меншік
енгізу, жіберу, кіргізу	впуск	әскери іс
енгізу, сұғу, тигізу, шаншу	всадить	тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет

Кесте 3 – «Ауытқу» терминінің көпмағыналылығы

Таблица 3 – Многозначность термина «Ауытқу»

Table 3 – Polysemy of the Term «Ауытқу»

Қазақша	Орысша	Бекітілген жылы/саласы
ауытқу	девиация	2018
ауытқушылық, ауытқу	отклонение	1999
ауытқу, ұйытқу	возмущение	2016, физика және астрономия
ауытқу; тербелу	колебание	2015
ауытқу	аномалия	1995
ауытқу	уклонение	математика
ауытқу	флуктуация	механика және машинатану

Кесте 1-де көрсетілген «анықтау» термині орыс тіліндегі 5 ұғымның атауын білдіріп тұр (дознание, констатация, выявление, определение, установление). Шын мәнінде, «анықтау» термині орыс тіліндегі «дознание» терминінің мағынасын аша алмайды. Оның орнына «тергеу» сөзін қолданған әлдеқайда ұтымдырақ болар еді. Ал «констатация» терминінің мағынасын «тіркеу» термині ашар еді. Әрине, бұл жерде де «регистрация» ұғымында қолданылып жүрген «тіркеу» терминімен көпмағыналық пайда болатыны үлкен мәселе туғызады. Сол секілді

«выявление» терминіне «айқындау» термині сәйкес келеді. Көріп отырғанымыздай, біз ұсынып отырған терминдердің өзі басқа ұғымдарды да білдіреді, бекітіліп кеткен нұсқалары да бар. Кесте 2 және Кесте 3-те көрсетілген «енгізу» және «ауытқу» терминдерінің мәселесі де дәл осындай. Сондықтан осындай мәселелерден арылу үшін де терминдерді стандарттау және бірыңғай дерекқор құру өте маңызды болып табылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар мен стандарттауға қатысты еңбектерді негізге ала отырып, тіліміздегі терминдерді стандарттауда мынадай қағидаттарды басшылыққа алу керек деп санаймыз:

1. *Ұғым мен мағынаның дәл берілуі.* Терминдерді стандарттаудың басты мақсаты олардың мағынасын дәл әрі нақты түрде жеткізу. Бұл әсіресе көпмағыналы терминдер мен терминдердің жарыспа нұсқаларына қатысты;

2. *Тіліміздің ерекшеліктеріне сәйкестігі.* Терминдер қазақ тілінің құрылымына, фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жасалуы керек. Терминдер тілдің табиғатына сәйкес бейімделуі қажет;

3. *Жаңа терминдер жасау.* Көп жағдайда жаңа ұғымдар үшін қазақ тілінде нақты баламалар табу қиын. Бұл үшін жаңа терминдерді жасау немесе қазақша ұғымды дәл сипаттайтын сөздер қолдану арқылы терминологияны байыту қажет;

4. *Терминдердің басқа тілдердегі баламаларымен үйлесімділігі.* Қазіргі жаһандану жағдайында қазақ тіліндегі терминдердің басқа тілдердегі қолданысымен салыстыру және салғастыру үшін көптілді сөздіктер мен базалар жасау керек.

Бүгінгі таңда терминологияны салааралық үйлестіру мәселесі ерекше өткір болып отыр. XX – XXI ғасырдың басында білімнің барлық салаларының қарқынды дамуы белгілі бір ғылыми жаңалық немесе өнертабыс нәтижесінде пайда болатын бірдей терминнің ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында осы жаңалықтардың немесе өнертабыстардың сипатына, міндетіне, мақсатына байланысты әртүрлі мағынаға ие болуына әкеледі. Осылайша, терминологияны біріздендіру және стандарттау техникалық прогрестің, өнімнің сапасы мен сенімділігін арттырудың таптырмас шарттары болып табылады.

Стандарттаудың және басқа салалардың ақпараттық-терминологиялық қамтамасыз ету жүйесін жаңа деңгейде ұйымдастыру үшін стандартталған терминдердің *автоматтандырылған банкі (дерекқор)* негіз болып табылады.

Терминологиялық дерекқор құрудың әлі күнге дейін қолға алынбай жатқаны жайында академик Ш.Құрманбайұлы: «Ұлттық терминқорды қалыптастырып, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізу кез келген мемлекеттің тіл саясатының ерекше көңіл бөлетін, басымдық беріле отырып жүзеге асырылатын жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл орайда бізде де Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында терминологиялық базаны қалыптастыру қажеттілігі айтылып, тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Терминологиялық шығармашылық жоспарлы түрде жүзеге асырылатын қызмет жүйесінің бірыңғай принциптеріне сүйенген, орталықтандырылған, ғылыми негізделген болуға тиіс» делінгенімен, іс жүзінде олай болмай отыр. Себебі бізде әлі мұндай ауқымды жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің тетігі жасалмаған» (Құрманбайұлы, 2014: 179), – дейді. Сонымен қатар ғалым терминологиялық база жасауды терминологиялық жұмыстың басты бағыттарының қатарына қосады (Құрманбайұлы, 2014: 268). Терминологиялық дерекқорлар – мәліметтер ретінде негізгі терминдер мен олардың метадеректерін қамтитын мәліметтер базасы. Терминологиялық дерекқорларда:

- терминнің мағынасы;
- терминнің басқа тілдердегі аударма баламалары;
- терминнің синонимдері;
- терминнің қолданылу саласы туралы мәліметтер;
- терминнің мәнмәтін қолданылуын көрсететін мысалдар (ғылыми еңбектерден, мақалалардан т.б. алынған үзінділер дереккөздерімен бірге беріледі); осы термин бекітілген құжат туралы мәліметтер (ұлттық, халықаралық стандарт т.б.) беріледі (Désilets, 2009).

Ж.А. Bachrach 1963 жылы Люксембургте Еуропалық көмір мен болат бірлестігі жоғарғы органы аудармашыларының жұмысына көмек көрсету мақсатында DICAUTOM атты алғашқы

терминологиялық дерекқор құрды (Ван Ляньцэнь, 2014: 253). Алғашқы терминологиялық дерекқорлар негізінен жеке терминдердің немесе терминологиялық сөз тіркестерінің сипаттамасы мен аудармасын қамтыды. Ал қазіргі заманғы терминологиялық дерекқорлар терминологиялық лексиканы қамтитын жоғары деңгейдегі автоматты мәліметтер базасы ретінде қарастырылады. Оның негізгі қызметі, Дж. Шульц (J. Schulz) пікірінше, арнаулы техникалық ұғымдарды сипаттау үшін балама терминдерді сақтау (technical concepts) арқылы (Schulz, 1977: 153) терминологиялық дерекқорларда терминдердің толық лексикалық сипаттамасы беріліп, терминологияның біркелкілігіне қол жеткізіледі.

Қытай мен Германия арасындағы ғылыми ынтымақтастық аясында жасалған Glot-C дерекқорының жобалауына тікелей қатысқан қытайлық зерттеуші Фэн Чжи Вэй бұл дерекқорды әртүрлі өлшемдерге сәйкес топтастыруды ұсынады. Оның айтуынша, жасалу мақсатына қарай дерекқорлар ғылыми коммуникацияны қамтамасыз етуге, терминжүйелерді кеңейтуге немесе оларды стандарттауға бағытталуы мүмкін. Ал тілдік сипатына қарай дерекқорлар нормативтік (терминдерді нормалау мақсатында), қолданбалы (ақпаратты түрлі мақсатта ұсыну үшін) және сипаттамалық болып жіктеледі (Ван Ляньцэнь, 2014: 54-55).

Зерттеуші Н.А. Мишанкина дерекқорлардың екі негізгі түрін бөліп көрсетеді:

- толық мәтінді дерекқор – белгілі бір дискурстық салаға қатысты толық мәтіндерді қамтитын мәліметтер базасы;
- фактографиялық дерекқорлар – түрлі лингвистикалық бірліктер туралы құрылымданған ақпаратты ұсынатын ақпараттық жүйелер (Мишанкина, 2013: 25).

Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйене отырып, дерекқорлардың басты функциялары – ақпаратты іздеу, табу және онымен түрлі амалдар жасау (өңдеу, толықтыру, жою) болып табылса, терминологиялық дерекқорлардың дәстүрлі дерекқорлардан айырмашылығы бар: олар лингвистикалық дерекқорлардың бір түріне жатады. Себебі мұндай дерекқорлар «тілдің барлық ішкі жүйелерін модельдеуге қабілетті немесе тілдік материалдың берілуінің ерекше түрі» ретінде көрінеді. Сонымен қатар, олар «білімді жинақтап көрсету қабілетіне ие» (Самбуrowa, 1990: 203).

Терминологиялық дерекқор ғылыми-техникалық аударма құралы ретінде қолданылатындығына байланысты, «аударма базасы» және «терминологиялық дерекқор» ұғымдарын ажырата білу керек, олар көбінесе синоним ретінде қате қолданылады. Аударма базасы – аударма бірліктері және олардың аударма нұсқалары сақталатын база. Әдетте, аударма базаларында аудармалар тек бір бағытта жұмыс істейді. Олардың негізгі қызметі – аудармашыға әртүрлі аударма баламаларын таңдау құқығын беру және белгілі бір бейтаныс терминді қолдану кезінде оны түсінуге болатын жеке сөйлемдер ұсыну. Әрине, пайдаланушы дұрыс таңдау жасау үшін жеткілікті ғылыми-техникалық білімге ие болуы керек. Мәселен, ProMT, Trados, SYSTRAN, LingoTek, ABBYY Language Services т.б. сияқты ірі аударма компаниялары дерекқорлармен жұмыс істеуді жеңілдететін әртүрлі желілік және желіден тыс құралдарды шығарған.

Терминологиялық база, негізінен, арнайы терминдерді жинақтап, сақтау қызметін атқаратын негізгі құрал болып табылады. Мұндай базада тек терминдердің тізімі ғана емес, сонымен қатар олардың синонимдері мен антонимдері, қосымша мәліметтер (мысалы, терминнің мәртебесі, түсіндірме сипатындағы комментарийлер), мультимедиялық элементтер (суреттер, бейнематериалдар, дыбыстық жазбалар), терминдер арасындағы айқас сілтемелер, сөздік мақалаларының реттік нөмірлері мен гиперсілтемелер де қамтылады. Бұл терминологиялық дерекқордың икемді құрылымға ие екенін және әртүрлі іздеу талаптарына жауап бере алатынын көрсетеді. Қазіргі заманғы терминологиялық дерекқорлардың көпшілігі WordNet моделіне негізделіп жасалады, онда бір ұғым бірнеше термин арқылы бейнеленеді.

XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында А.С. Герд шетелдік терминологиялық дерекқордың мынадай типологиясын ұсынды: 1) лексикографиялық; 2) аудармалық; 3) нормативтік; 4) зерттеушілік (Герд, 1986).

Бұл типологияға төмендегі терминологиялық дерекқорлар да сәйкес келеді.

Termite 6L – БҰҰ мамандандырылған мекемесінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы тілдік қызметтер әрекетінің нәтижесі. Бұл дерекқор – орыс тілін қоса алғанда, алты ресми тілдегі телекоммуникацияны қамтитын терминологиялық дерекқор. Қазіргі уақытта терминдер шамамен 90 000 көп тілдік деректерге біріктірілген, олардың шамамен 80%-ы

үш тілде және шамамен 30%-ы барлық алты тілді қамтиды. Алайда 2015 жылдан бастап бұл база жаңартылған жоқ.

UNTERM – негізінен БҰҰ аудармашылары аударатын құжаттардың терминдері мен номенклатураларын қамтитын терминологиялық дерекқор. Бұл ресурс БҰҰ қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетуге бағытталған.

IATE (Inter-Active Terminology for Europe) – Еуропалық Одақтың институционалдық терминологиялық дерекқоры (барлығы 10 институт қатысады). Бұл ресурс 1999 жылы іске қосылды, қазіргі уақытта оның сөздік қоры 1,4 миллион көптілді сөздік бірліктен тұрады. Бұл ресурстың негізгі функциялары – ЕО аударма қызметі үшін бірыңғай желілік терминологиялық мәліметтер базасын құру, терминологияның біркелкілігін қамтамасыз ету, терминологияға қол жеткізу және стандарттау жүйесін жетілдіру (Еуроодақтың 23 ресми тілінде 1 миллионнан астам термин бар).

Termium Plus – әлемдегі ең үлкен терминологиялық дерекқордың бірі, төрт тілде ақпарат береді, әртүрлі тақырыптық салалардағы жеке терминдердің, аббревиатуралардың, ресми атаулардың анықтамаларын іздейді.

WIPO Pearl – Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының желілік ресурсы, 10 тілде 29 пәндік сала бойынша терминологияға ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар ол PATENTSCOPE іздеу жүйесімен біріктіріліп, пайдаланушыларға жарияланған 3,1 миллион Халықаралық патенттік өтінімдерді іздеуге мүмкіндік береді.

LexSite – Language Interface компаниясының деректер базасында құрылған және 300 пәндік саланы қамтитын корпоративтік желілік сөздік. Бұл жүйенің негізгі корпусы 2,5 миллионнан астам лексикалық бірліктерді қамтитын сөздіктер негізінде жасалған. Әртүрлі жас аралығындағы және түрлі қызмет саласындағы қолданушыларға арналған.

ISO/CDB терминологиялық базасы – барлық ISO стандарттарында терминологияны іздеу, әзірлеу және қолдау үшін ISO Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым құрған көп тілді тұжырымдамалық-терминологиялық мәліметтер базасы. Бұл терминологиялық мәліметтер базасы терминдер мен олардың анықтамалары, графикалық таңбалар мен кодтар (тілдер, елдер, валюталар және т.б.) сияқты санаттар бойынша ағылшын, француз, орыс, испан және неміс тілдерінде іздеуге мүмкіндік береді.

EuroTermBank – Еуропалық Одақ елдеріндегі терминдік қызметті үйлестіру үшін құрылған терминдердің көптілді банкі. Қазіргі уақытта EuroTermBank 33 еуропалық тілде 2,6-дан астам терминді қамтиды. Бұл лексикографиялық ресурстың негізінде электрондық құжаттар, сондай-ақ баспа сөздіктерінің цифрланған нұсқалары жатыр. Бұл терминологиялық базаны құру кезінде ресурстар аз немесе жеткіліксіз тілдерге ерекше назар аударылды. EuroTermBank-те терминология тұрғысынан ең жақсы қамтамасыз етілген тілдерге ағылшын, орыс, неміс, латыш және поляк тілдері жатады.

Multilingual Archival Terminology – көптілді терминдердің және олардың мұрағат саласындағы анықтамаларының электрондық ресурсы. Бұл терминологиялық мәліметтер базасының негізгі міндеті – мұрағат ісі және құжаттану терминдерінің алуан түрлілігін мүмкіндігінше кеңінен ұсыну және әртүрлі елдерде осы саланың ерекшеліктерін көрсету. Қазіргі уақытта MultilingualArchive Terminology 23 тілде, соның ішінде ағылшын, француз, орыс, қытай, фин, араб, неміс және грек тілдерінде іздеуге мүмкіндік береді. Бұл ресурс терминдер мен олардың анықтамаларын қосу және өңдеу мүмкіндігінің арқасында мұрағат ісі терминдері туралы өзекті ақпаратты көрсетеді.

ITU Terms and Definitions – аббревиатураларды, терминдерді және олардың байланыс саласындағы анықтамаларын қамтитын электрондық ресурс. Бұл жүйе алты тілде (ағылшын, араб, қытай, испан, орыс және француз) іздеуге мүмкіндік береді және ITU (халықаралық телекоммуникация одағы) жарияланым терминдерінің көздеріне сілтемелер береді. Қазіргі уақытта ITU терминдері мен анықтамаларында шамамен 130 000 термин кездеседі.

IMF terminology – Халықаралық валюта қорының қызметі шеңберінде әзірленген электрондық ресурс. Қазіргі уақытта банк ісі және қаржы сияқты пәндік салаларға тән 150 000-нан астам термин мен терминологиялық тіркес бар. Бұл терминологиялық база 9 тілмен жұмыс істейді – ағылшын, француз, орыс, испан, араб, қытай, португал, неміс және жапон.

METEOTERM – Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның терминологиялық дерекқоры, алты тілде (ағылшын, француз, орыс, қытай, араб және испан) арнайы метеорология және климатология терминдерін қамтиды. Бұл ресурстың қайнар көздері халықаралық метеорологиялық сөздік, гидрология бойынша халықаралық сөздік, сондай-ақ Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның ресми құжаттары мен есептерінде кездесетін терминдер болып табылады.

Microsoft Language Portal – Microsoft компаниясының терминдерін және ақпараттық технологиялар саласындағы жалпы терминологияны іздеуге арналған электрондық ресурс. Бұл порталда 100 тілде шамамен 25 000 термин және олардың ағылшын тіліндегі анықтамалары бар. Microsoft Language Portal Microsoft ортасында қосымшаларды әзірлеуге және біріктіруге қатысты терминдерді біріктіру және стандарттау үшін қолданылады, сонымен қатар IT саласында көптілді глоссарийлер құруға негіз бола алады.

Байқап отырғанымыздай, әлемде терминологиялық дерекқорларлардың көптеген түрі бар. Ал елімізде қолданыстағы жалғыз терминологиялық дерекқор – Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл–қазына» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жасақталған «Терминком» дерекқоры.

«Терминком» терминологиялық дерекқорының ерекшеліктері:

- барлығы 389 000 терминнің қазақша-орысша нұсқалары мен бекітілген жылы немесе саласы көрсетіледі, оның ішінде:
 - 1971-2024 аралығындағы хронология бойынша бекітілген терминдерді қазақша орысша нұсқада іздеуге болады;
 - 30 томдық қазақша-орысша және орысша-қазақша терминдердің аударма сөздігінен, Н.Қаратышқановтың «Пән сөздері», «Әскерлік атаулар», «Терминдер 2012 – 2015» сөздіктері мен «Бекітілген терминдер жинағынан» қазақша-орысша нұсқада терминдерді іздеуге болады;
 - терминологиялық алаң жұмыс істейді;
 - мақалалардың, 86 кітаптың (журналдар, сөздіктер, ғылыми еңбектер) электронды нұсқасы берілген;
 - терминологиялық ғылыми-зерттеу еңбектер, сөздіктер, диссертациялар т.б. берілген;
 - терминологияға қатысты ұсыныстар беруге болады;
 - «Мектеп терминологиясы» деп аталатын бөлімде 4241 терминді қамтитын, пән бойынша және сынып бойынша термин іздеуге болады (Омарова, 2022: 88). Осы дерекқордан бір мысал келтіріп көрейік:

Кесте 5 – «Құю, салу» терминінің Терминкомда берілу үлгісі

Таблица 5 – Пример представления термина «Құю, салу» в Терминкоме

Table 5 – An example of the Representation of the Term “Құю, салу” in the Termincom

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Бекітілген жылы	Салалық сөздіктерде берілуі	
құю, салу	заправка	2016	Машинажасау	Салу; құю
			Көлік және қатынас жолдары	Құю, салу
			Әскери іс	Жанармай құю
			Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі	Сабақтау, тізбелеу, толтыру
			Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет	Асқатық, дәмдеуіш
			Философия және саясаттану	Салу, нықтау, толтыру

Берілген кестеден анықтамасы мен нақты мысалы көрсетілмегендіктен, терминнің мағынасы әртүрлі салада түрліше түсініліп, көпмағыналылық мәселесіне алып келетінін аңғаруға болады. «Құю», «салу» терминдері көлік және қатынас жолдары саласында құрылыс материалдарын

орналастыруды білдірсе, тамақ өнеркәсібінде тағам құрамына дәмдеуіштерді қосу мағынасында қолданылады. Ал бекітілген нұсқасының өзі де орыс тіліндегі «заправка» ұғымының мағынасын толық аша алмайды. Мәселен, 15 томдық сөздікте «Құю – құй етістігінің қимыл атауы; сұйықтықты бір нәрсеге төгу, бір заттың ішіне қотару» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011) деп беріледі. Сондай-ақ орыс тіліндегі «заправка» етістігі қазақ тіліне аударылғанда мәнмәтінге қарай түрленіп отырады. Мысалы, *заправка автобуса – автобусқа жанармай құю, заправка нити – жіпті сабақтау* т.б. Мұндай айырмашылықтар бір терминнің әртүрлі мағынада қолданылып, түсінбеушілік тудыруына себеп болады. Сондықтан терминдерді стандарттау барысында олардың салаға бейімделген анықтамасы, мәнмәтіндік мысалдары және қолдану аясы нақты көрсетілуі қажет. Бұл тәсіл тілдің ғылыми жүйелілігін сақтап, терминологиядағы ретсіздікті болдырмауға көмектеседі.

«Осы ретте берілген терминологиялық дерекқордың мынадай тиімсіз тұстары да барын аңғара аламыз:

- терминдерді іздегенде әліпби ретімен және сайт беттерімен іздеуге мүмкіндік бар, бірақ жеке терминді іздегенде әліпби реті көрсетілмейді және термин мен тіркесті терминдер араласып шығады;

- өзіңізге қажет терминді іздегенде тек терминдердің бекітілген нұсқасы мен 30 томдық сөздіктегі қазақша-орысша аудармасы ғана шығады;

- сайтқа жүктелген электронды мақалалардың, кітаптар мен оқулықтардың, ғылыми еңбектерде кездесетін терминдердің жекелей мәтіндік нұсқада (корпустағыдай) іздеу мүмкіндігінің болмауы;

- термин дефинициясы мен мысалы берілмейді. Бұл, әсіресе, көпмағыналы терминдерді қолдануда айтарлықтай қиындық туғызады» (Омарова, 2022: 89).

Сонымен қатар терминологиялық дерекқордың тағы бір мысалы ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Терминологиялық ішкорпусты» атауға болады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының мамандары «Қазақ цифрлық терминологиясы: терминологиялық ішкорпус әзірлеу тәжірибесі (метамәтіндік және терминологиялық белгіленімдер параметрлері)» деген мақалада аталған ішкорпустың мынадай мәліметтерді қамтитынын көрсетеді: «1) термин сөз немесе терминдік тіркес; 2) басқа тілдегі (орыс тіліндегі) нұсқасы; 3) этимологиясы және оның қазақ тіліндегі баламасы; 4) анықтамасы; 5) анықтама алынған дереккөз; 6) қолданыс саласы (салалары); 7) авторы (болған жағдайда); 8) құрамы; 9) бекітілген нұсқасы мен жылы; 10) салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармасы; 11) заңнамадағы қолданысы» (Құлманов және т.б., 2024: 160-161).

Қолданыстағы және жаңадан жасалып жатқан терминологиялық дерекқорлар туралы әдебиеттерді сараптай отырып, терминологиялық қордың келесі негізгі қызметтерді атқаратынын айтуға болады:

- стандарттау, ғылыми-зерттеу нәтижелерін рәсімдеу, оқу және анықтамалық басылымдарды дайындау, жарияланым әзірлеу, оқу процесін ұйымдастыру, сондай-ақ арнайы әдебиеттерді редакциялау ісімен айналысатын түрлі сала мамандарына, шет тілін үйретушілерге, студенттерге, редакторлар мен басқа да мүдделі қолданушыларға ақпараттық-анықтамалық қолдау көрсету;

- ғылыми-техникалық мазмұндағы мәтіндерді дәстүрлі түрде аударуды қамтамасыз ету;

- ақпараттық, басқарушылық және жобалау жүйелерін лингвистикалық тұрғыдан сүйемелдеу;

- терминологияны жүйелеу және терминологиялық сараптама жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру;

- терминологиялық сөздіктерді құрастыру және басып шығару;

- терминдердің анықтамаларын біріздендіру.

Бүгінгі таңда бар терминологиялық дерекқорлардың басым көпшілігі бастапқыда ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару мақсатына бағытталғанымен, кейіннен олардың функционалдық ауқымы кеңейіп, қосымша міндеттерді де қамти бастады. Соның нәтижесінде қазіргі заманғы ірі терминологиялық дерекқорлар көпқызметті сипатқа ие бола бастады.

Терминологиялық дерекқорлар мынадай салаларда шешуші рөл атқарады:

1. Мәтіндерді бір тілден екінші тілге аудару кезінде арнаулы терминологияға қол жеткізу

маңызды. Терминологиялық мәліметтер базасы аудармашыларға аударманың дәйектілігі мен дәлдігін сақтауға көмектеседі, сол арқылы аударма саласында көп қолданылады.

2. Терминологиялық мәліметтер базасы студенттер мен оқытушыларға негізгі терминдер мен олардың анықтамаларына қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы оқу процесін жеңілдетеді.

3. Терминологиялық мәліметтер базасы зерттеушілерге қажетті ақпаратты тез табуға және деректерді талдауға көмектеседі. Кез келген ғылым саласының маманы терминологиялық дерекқор арқылы өз саласына қажет термин туралы мәлімет таба алады.

4. Медицина, құқықтану, техника және т.б. сияқты әртүрлі кәсіби салаларда арнаулы терминологияны қолдану маңызды. Терминологиялық мәліметтер базасы мамандарға қажетті терминдерді тез табуға және ақпарат алмасуға көмектеседі.

5. Бағдарламалық жасақтама мен ақпараттық жүйелерді әзірлеу кезінде де терминологиялық дерекқорларлар маңызды рөл атқарады. Белгілі салаға қатысты бағдарламалық жасақтаманы немесе ақпараттық жүйелерді құру кезінде арнаулы терминологияға қол жеткізу маңызды.

Қазақ тіліндегі терминологияның стандартталуы қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жаңа ұғымдар мен ғылым мен техниканың дамуы жаңа терминдерді талап етеді. Сондықтан терминологияны стандарттау жұмыстарын үнемі жетілдіру қажет. Қазақстанда терминология саласында бірқатар жұмыстар атқарылса да, кейбір салаларда әлі де түпкілікті шешілмеген мәселелер бар. Сол себепті терминдердің дұрыс әрі жүйелі қолданылуы үшін жаңа стандарттар мен ережелер қажет.

Қазақ тіліндегі терминдердің стандартталуы – тілдің дамуына, ғылым мен білімнің өсуіне және халықтың тілдік мәдениетінің жоғарылауына ықпал ететін маңызды процесс. Қазақстандағы мемлекеттік орган мен ғылыми институттар қазақ тіліндегі терминологияны дамытып, оны халықаралық стандарттарға сәйкес ету үшін тұрақты жұмыс істеу керек.

Қорытынды

Еуропа елдері терминдерді стандарттау бойынша бірнеше маңызды кезеңдерден өтті. Бұл процесс әртүрлі тарихи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға байланысты дамыды. Жалпы алғанда, Еуропада терминологияны стандарттау жұмыстары әртүрлі ғылым салаларында ұғымдар мен терминдерді үйлестіруді мақсат еткен және халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған. Осы ретте қазақ тіліндегі терминдерді стандарттау үшін бірқатар жүйелі және кешенді іс-шаралар жасалуы қажет. Өйткені стандарттау ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңа ұғымдарды, сөздерді қазақ тіліне тиімді әрі дәл енгізу үшін маңызды.

Шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, қазақ терминологиясын стандарттау бойынша мынадай іс-әрекеттер жасалу керек деп санаймыз:

- нақты саладағы қолданыстағы терминдерді зерттеп, жан-жақты талдау; терминдер мен олардың аудармаларын салғастыру, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескеру;
- әр салаға қатысты барлық қажетті терминдерді жинақтау (жаңа терминдер мен бұрын қолданылып жүрген ескі терминдерді анықтап, оларды жинақтау, нақты бір жүйеге келтіру);
- жинақталған терминдерді сарапшылармен (ғалымдар, мамандар, тілші ғалымдар және сала мамандары) бірге талқылау, терминдердің дұрыстығын, түсініктілігін, үйлесімділігін тексеру;
- талқыланған терминдерді жүйелеп, оларды стандарттау үшін арнаулы ережелер мен нұсқаулықтар әзірлеу;
- стандартталған терминдер мен олардың анықтамаларын қамтитын арнаулы терминологиялық тізілімдер мен сөздіктер дайындау;
- стандартталған терминдерді қолданысқа енгізу, терминдердің тұрақтылығын бақылау үшін мониторинг жүргізу;
- стандартталған терминдерді ғылыми және білім беру процесінде қолдануды қамтамасыз ету үшін арнаулы әдістемелер мен оқу құралдарын дайындау, терминологияның қоғамдық және ғылыми ортада кеңінен таралуын қамтамасыз ету.

Бұл қадамдар қазақ терминологиясын стандарттау процесінің тиімді жүзеге асуына және оның барлық салаларда біркелкі және дұрыс қолданылуына мүмкіндік береді. Терминологияны стандарттауда терминологиялық дерекқордың маңызы зор. Себебі терминологиялық дерекқорлар ғылыми зерттеулер жүргізу үшін таптырмас құрал, олар зерттеушілерге әртүрлі ғылыми салалардағы бекітілген терминдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осының арқасында ғалымдар

тиімдірек жұмыс істей алады, қажетті терминді және ол термин туралы барлық мәліметті жылдам таба алады. Екіншіден, терминологиялық дерекқор білім беруде шешуші рөл атқарады. Студенттер, оқытушылар мен ғалымдар әлемнің кез келген аймағында отырып өзекті ғылыми мақалалар, кітаптар, оқулықтар және басқа материалдардағы терминдерге оңай қол жеткізе алады. Бұл жұмыстың жүзеге асуы мемлекет тарапынан қолдау, ғылыми-зерттеу институттары мен мамандардың белсенді қатысуы, сондай-ақ қоғамдық пікірді ескеру арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Терминологияның дұрыс стандартталуы *ғылым тілінің* дамуына, ғылым мен білімнің алға жылжуына ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Авербух К.Я. Стандартизация терминологии: некоторые итоги и перспективы (к 50-летию деятельности по стандартизации терминологии) // НТИ. – Сер. 1. – 1985. – №3. – С. 8-19.
- Бойцов В. Стандартизация, труд, коммунизм // Стандарты и качество. – 1967. – №11.
- Ван Ляньцэнь. Лингвометодическое проектирование учебных терминологических баз данных (для иностранных учащихся педагогических специальностей): дис. ... к.пед.н. / Ляньцэнь Ван. – Москва: МГУ им. М.Ломоносова, 2014. – 196 с.
- Виноградов С.И., Платонова О.В. Культура русской речи. – Москва, 2005. – 246 с.
- Вюстер Э. Международная стандартизация языка в технике. – Ленинград, Москва: Стандартиз, 1935. – 302 с.
- Даниленко В. Терминология и норма: о языке терминологических стандартов. – Москва: Наука, 1972. – 120 с.
- Даниленко В. Актуальные направления лингвистического исследования русской терминологии // Современные проблемы русской терминологии. / Отв. ред. В. П. Даниленко; АН СССР, Ин-т русского языка. – Москва: Наука, 1986. – С. 5-23.
- Исакова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі: филол. ғылым. докт. ... дис. – Алматы, 2018. – 355 б.
- Казарина С.Г., Казарина Н.Б. Стандартизационные процессы в терминологии // Физическая культура, спорт – наука и практика. – 2008. – №4. – С. 48-50.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Құлманов С., Бисенғали А., Шүленбаев Н., Омарова А. Қазақ цифрлық терминологиясы: терминологиялық ішкорпус әзірлеу тәжірибесі (метамәтіндік және терминологиялық белгіленімдер параметрлері) // TILTANYM. – №1(93) 2024. – Алматы. – 155-165-бб. doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1 155-165.
- Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.
- Мишанкина Н.А. Базы данных в лингвистических исследованиях // Вопросы лексикографии. – №1(3), 2013. – С. 25-33.
- Омарова А., Ескендір Ж. Терминологиялық корпус құрудың алғышарттары // «Асқар Жұбанов оқулары» тұрақты ғылыми тілтанымдық алаң аясында «Қазақ тілінің ақпараттық кеңістігі және ұлттық корпустар құрастыру тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: ЖК «Асыл» баспасы, 2022. – 235 б.
- Проблемы исследований и разработок в области стандартизации: сб. науч. трудов. – Москва: ГПНТБ СССР, 1988. – 218 с.
- Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам: Сб. док. за 50 лет. – Т. 5. – 1962-1965 гг. – Москва: Политиздат, 1968. – 816 с.
- Самбуrowa Г.Г. Словарь терминолога: Основные понятия и термины теории и практики упорядочения специальной терминологии // Сборники научно-нормативной терминологии. Вып. 111. – Москва: Наука, 1990. – 39 с.
- Désilets, A., Huberdeau, L.-P., M., Quirion, J. Building a Collaborative Multilingual Terminology System // Proceedings of the ASLIB Translating and the Computer Conference. London, 2009://wiki-translation.com/tiki/download_wiki_attachment.php?attId=57.
- Jung Hwoan, Choi, Suk-Doo, Choi, Lee-Kyum, Kim, Young-Wook, Park, Jonghee, Jeong, Heejung, An, Hanmin, Jung, Pyung, Kim (2011) Application and Process Standardization of Terminology. Dictionary for Defense Science and Technology. Journals file: C:/Users/1/Downloads/Application%20and%20Process%20Standardization%20of%20Terminology%20Dictionar y%20for%20Defense%20Science%20and%20Technology.pdf .
- Schulz, J.A. Terminology Data Bank for Translators Methods of Interrogation in the Team System. / Overcoming the Language Barrier, 3-6 May. Vol. 1. München: Verlag Dokumentation, 1977.

References

- Averbuh, K.Ja. (1985) Standartizacija terminologii: nekotorye itogi i perspektivy (k 50-letiju dejatel'nosti po standartizacii terminologii). NTL Ser. 1. № 3. S. 8-19. [Averbukh, K.Ya. (1985) Standardization of Terminology: some Results and Prospects (on the 50th Anniversary of the Standardization of Terminology). NTL. Ser. 1. No.3. P. 8-19.] (in Russian)
- Bojcov, V. (1967) Standartizacija, trud, kommunizm. Standarty i kachestvo. No.11. [Boitsov, V. (1967)

Standardization, labor, communism. Standards and quality. No.11.] (in Russian)

Danilenko, V.P. (1972) Terminologija i norma: o jazyke terminologicheskikh standartov. Moskva: Nauka. 120 s. [Danilenko, V.P. (1972) Terminology and norm: on the language of terminological standards. Moscow: Nauka Publ. 120 p.] (in Russian)

Danilenko, V.P. (1986) Aktual'nye napravlenija lingvisticheskogo issledovanija russkoj terminologii. Sovremennye problemy russkoj terminologii. Otv. red. V.P. Danilenko; AN SSSR, In-t russkogo jazyka. Moskva: Nauka. S. 5-23. [Danilenko, V.P. (1986) Current linguistic trends in Russian terminology research. Russian modern problems of terminology. Ed. V.P. Danilenko; and the USSR, INN russkog sinners. Moscow: Nauka. P. 5-23.] (in Russian)

Désilets, A., Huberdeau, L.-P., M., Quirion, J. (2009) Building a Collaborative Multilingual Terminology System. Proceedings of the ASLIB Translating and the Computer Conference. London://wiki-translation.com/tiki/download_wiki_attachment.php?attId=57. (in English)

Isaqova, S.S. (2018) Qazaq termintanyminyng kognitivtik-pragmatikalyq aspektisi: filologija gylymynyng doktory ... dissertacija. Almaty. 355 b. [Issakova, S.S. (2018) The cognitive-pragmatic aspect of the Kazakh term: Dissertation for the degree of Doctor of Philology. Almaty. 355 p.] (in Kazakh)

Jung Hwoan, Choi, Suk-Doo, Choi, Lee-Kyum, Kim, Young-Wook, Park, Jonghee, Jeong, Heejung, An, Hanmin, Jung, Pyung, Kim (2011). Application and Process Standardization of Terminology. Dictionary for Defense Science and Technology. Journals file: C:/Users/1/Downloads/Application%20and%20Process%20Standardization%20of%20Terminology%20Dictionar y%20for%20Defense%20Science%20and%20Technology.pdf . (in English)

Kazarina, S.G., Kazarina, N.B. (2008) Standartizacionnye processy v terminologii. Fizicheskaja kul'tura, sport – nauka i praktika. No.4. S. 48-50. [Kazarina, S.G., Kazarina, N.B. (2008) Standardization processes in terminology. Physical culture, sport – science and practice. No.4. P. 48-50.] (in Russian)

Mishankina, N.A. (2013) Bazy dannyh v lingvisticheskikh issledovanija. Voprosy leksikografii: No.1(3). S. 25-33. [Mishankina, N.A. (2013) Databases in linguistic research. Issues of lexicography: No.1(3). P. 25-33.] (in Russian)

Omarova, A., Eskendir, Zh. (2022) Terminologijalyq korpus qurudyng algysharttary. “Asqar Zhubanov oqulary” turaqty gylymi tiltanymdyq alan ajasynda “Qazaq tilining apparattyq kengistigi zhane ulttyq korpustar qurastyru tazhiribesi” atty halyqaralyq gylymi-teorijalyq konferencija materialdary. Almaty: ZhK “Asyl” baspasy. 235 b. [Omarova, A., Yesskendir, Zh. (2022) Prerequisites for the creation of a terminological corpus. Materials of the international scientific and theoretical conference “Information space of the Kazakh language and the experience of building national corpora” within the framework of the permanent scientific language platform “Askar Zhubanov readings”. Almaty: IP publishing house “Asyl”. 235 p.] (in Kazakh)

Problemy issledovanij i razrabotok v oblasti standartizacii (1988). Sb. nauch. trudov. Moskva. 218 s. [Problems of research and development in the field of standardization (1988). Collection of scientific papers, Moscow. 218 p.] (in Russian)

Qazaq adebi tilining sozdigi (2011). On bes tomдық. 10-tom. Qurast.: M.Malbakov, N.Ongarbaeva, A.Uderbaev zhane t.b. Almaty. 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011). In fifteen volumes. Volume 10. Comp.: M. Malbakov, N. Ongarbayeva, A. Uderbayev et al. Almaty. 752 p.] (in Kazakh)

Qulmanov, S., Bisengali, A., Shulenbaev, N., Omarova, A. (2024) Qazaq cifrlyq terminologijasy: terminologijalyq ishkorpus azirleu tazhiribesi (metamatindik zhane terminologijalyq belgilenimder parametrleri). TILTANYM. No.1(93). Almaty. B. 155-165. [Kulmanov, S., Bissengali, A., Shulenbayev, N., Omarova, A. (2024) Kazakh digital terminology: experience in developing a terminological corpus (parameters of metacultural and terminological designations). TILTANYM. No.1(93). Almaty. P. 155-165. doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-155-165]. (in Kazakh)

Qurmanbaiuly, Sh. (2014) Qazaq terminologijasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografija. Almaty. 952 b. [Kurmanbaiuly, Sh. (2014) Kazakh terminology: studies, textbooks, dictionaries, bibliography. Almaty. 952 p.] (in Kazakh)

Reshenija partii i pravitel'stva po hozjajstvennym voprosam (1968). Sb. dok. za 50 let. T. 5. 1962-1965 gg. Moskva: Politizdat. 816 s. [Decisions of the party and the government on economic issues (1968). Collection of documents for 50 years. Vol. 5. 1962-1965. Moscow: Politizdat. 816 p.] (in Russian)

Samburova, G.G. (1990) Slovar' terminologa: Osnovnye ponjatija i terminy teorii i praktiki uporjadochenija special'noj terminologii. Sborniki nauchno-normativnoj terminologii. Vyp. 111. Moskva: Nauka. 39 s. [Samburova, G.G. (1990) Dictionary of terminology: Basic concepts and terms of theory and practice of ordering special terminology. Collections of scientific and normative terminology. Issue 111. Moscow: Nauka Publ. 39 p.] (in Russian)

Schulz, J.A (1977) Terminology Data Bank for Translators Methods of Interrogation in the Team System. Overcoming the Language Barrier, 3-6 May 1977, Vol. 1. München: Verlag Dokumentation. (in English)

Vinogradov, S.I., Platonova, O.V. i dr. (2005) Kul'tura russkoj rechi. Moskva. 246 s. [Vinogradov, S.I., Platonova, O.V. and others. (2005) Culture of Russian Speech. Moscow. 246 p.] (in Russian)

Vjuster, O. (1935) Mezhdunarodnaja standartizacija jazyka v tehnikе. Leningrad, Moskva: Standartiz. 302 s. [Wuster, E. (1935) International standardization of language in technology. Leningrad, Moscow: Standardiz. 302 p.] (in Russian)

Wang, Liancen. (2014) Lingvometodicheskoe proektirovanie uchebnyh terminologicheskikh baz dannyh (dlja inostrannyh uchashhihsja pedagogicheskikh special'nostej): dis. ... kand. ped. n. Moskva: MGU im. M.V. Lomonosova. 196 s. [Wang, Liancen. (2014) Linguistic methodological design of educational terminological databases (for foreign students of pedagogical specialties): dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences. Moscow: Lomonosov Moscow State University. 196 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 25.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Омарова А.Д., Екер С., Шүленбаев Н.Қ., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

